



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2026 жылғы 03 шілде

### **KASE мен CAIER эмитенттердің орнықты қаржы құралдарын шығаратын кездегі мүмкіндіктерін арттыруда**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) пен Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты (CAIER) эмитенттердің тәуелсіз сыртқы бағалауға (Second Party Opinion, SPO) және орнықты қаржы құралдарын шығару кезінде сараптамалық қолдауға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту арқылы Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығын дамытуға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Серіктестік – KASE-нің орнықты қаржыландыру инфрақұрылымын дамыту және орнықты даму облигацияларын шығаратын кезде эмитенттерге кәсіби қолдау көрсететін ұйымдардың тізбесін кеңейту жөніндегі жүйелі жұмысының бір бөлігі. Ынтымақтастық компанияларға шығарылымды дайындаудың барлық негізгі кезеңінде, оның ішінде негіздемелік құжаттаманы әзірлеу, орнықты даму саласындағы есептілікті дайындау, тәуелсіз SPO қорытындысын алу процесін сүйемелдеу, сондай-ақ ESG құралдарын шығару үшін қажетті өзге де құжаттарды әзірлеу бойынша сараптамалық және консультациялық қолдау алуға мүмкіндік береді.

Қол жеткізілген уағдаластық аясында эмитенттер үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға ерекше назар аударылған. 2026 жылдың соңына дейін CAIER KASE эмитенттеріне тәуелсіз SPO қорытындысын дайындау жөнінен өтеусіз негізде қызмет көрсетеді. Бұл компаниялардың орнықты қаржыландыру нарығына шығуындағы кедергілерді азайтып, ESG облигациялары шығарылымдарының санын арттыруға ықпал етеді. Меморандумда көзделген өзге де қызметтер жеңілдетілген тарифтер бойынша арнайы шарттармен ұсынылады.

"KASE қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі – орнықты қаржыландыруды дамыту. Біз эмитенттерге орнықты даму жобаларын іске асыру үшін қаржыландыруды тиімді тартуға мүмкіндік беретін KASE экожүйесін кеңейту бағытында дәйекті түрде жұмыс істеп келеміз. KASE мен CAIER арасындағы ынтымақтастық орнықты қаржыландыру нарығының дамуына, шығарылымдардың айқындылығын арттыруға, инвесторлардың сенімін нығайтуға және қазақстандық эмитенттер үшін бизнес мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететініне сенімдімін", – деп атап өтті KASE Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов.

"Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты ICMA халықаралық сыртқы бағалаушылар тізіміне қосылды. Бұл біздің командамыздың халықаралық стандарттарға сәйкес жасыл, әлеуметтік және орнықты облигациялар шығарылымдары бойынша тәуелсіз SPO қорытындыларын дайындай алатынын білдіреді. Бұл мен үшін тек кәсіби жетістік емес. Бұл – бүгінде экологиялық сараптаманың экономика, қаржы және инвестициялық шешімдердің ажырамас бөлігіне айналғанының дәлелі. Дәл осы күні Қазақстан қор биржасымен ынтымақтастықты бастағанымыздың мәні зор. Экологиялық сараптама мен капитал нарығының мүмкіндіктерін біріктіру елімізде орнықты қаржыландыру саласындағы жаңа әрі сапалы жобалардың пайда болуына ықпал ететініне сенімдімін", – деді эколог, CAIER негізін қалаушы Әсел Тасмағамбетова.

Меморандумға қол қою жасыл облигациялар шығаруға дайындық мәселелеріне арналған бірлескен практикалық семинар аясында өтті. Іс-шара барысында қатысушылар ESG облигацияларын шығаруға дайындықтың негізгі кезеңдерін, атап айтқанда негіздемелік құжаттаманы әзірлеуден және қаржы құралын құрылымдаудан бастап тәуелсіз SPO қорытындысын алуға және Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (ICMA) Жасыл облигациялар қағидаттарына сәйкес облигацияларды шығаруға дейінгі барлық процесті қарастырды.

### **Анықтама үшін:**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** – Орта Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және акция нарығын капиталдандыру жөнінен FEAS биржалары арасында төртінші орында (2024 жылдың қорытындысы бойынша). Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты даму үшін" бастамасына қатысушы.

### **Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты (CAIER)**

Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты (CAIER) – 2012 жылы эколог Әсел Тасмағамбетова негізін қалаған, экология және орнықты даму саласындағы Қазақстанның жетекші тәуелсіз ғылыми-зерттеу орталығы. CAIER – заманауи аккредиттелген R&D зертханасы бар, БҰҰ-ның Жаһандық шартының қатысушысы. 2026 жылы CAIER GRI (Global Reporting Initiative) ұйымының оқу жөніндегі серіктесі атанып, ESG, орнықты қаржыландыру және қаржылық емес есептілік салаларындағы сараптамасының халықаралық стандарттарға сәйкестігін растай отырып, ICMA халықаралық сыртқы бағалаушылар тізіміне енгізілді. Сондай-ақ CAIER су мен топырақты тазарту, суды ауыр металл иондарынан тазарту, мұнаймен ластанған топырақтан құрылыс материалдарын өндіру және жаңбыр суын жинау жүйесін қоса алғанда, бірқатар инновациялық технологияны әзірлеп, патенттеді.

Толығырақ: <https://asianecology.kz/>

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).